# Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Беларусь Республикасына 2000 жылғы 22-23 мамырдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 қыркүйек N 1342

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Беларусь Республикасына 2000 жылғы 22-23 мамырдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды жүзеге асыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты

жылда бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 5 қыркүйектегі
N 1342 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Беларусь Республикасына 2000 жылғы 22-23 мамырдағы ресми сапары
барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру
жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

---

N ! Іс-шара ! Орындау ! Орындалуына

| р/с | | мерзімі | жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Қол қойылған мына құжаттардың күшіне енуі жөніндегі мемлекет. ішілік рәсімдерді өткізу: | 2000 жылдың ішінде | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республика. сының Үкіметі арасындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Білім және ғылым министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республика. сының Үкіметі арасындағы салық заңдарын сақтау мәселелері жөніндегі өзара көмек және ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| 2. | Қазақстан Республикасының Үкіметіне: | 2000 жылдың үшінші тоқсаны | |
| | жапондық "Kawasaki" компаниясының қатысуымен Астана және Алматы қалаларындағы троллейбус парктерінің базасында "Белкомунмашпен" бірлесіп троллейбустар шығару бойынша; | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика, индус. трия және сауда министр. лігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Астана қаласының әкімі, Алматы қаласының әкімі |
| | "Марко" ЖШҚ беларусь-герман кәсіпорнымен бірлесіп аяқ | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | киім шығару бойынша қазақстан-беларусь бірлескен кәсіпорындарын құру жөнінде ұсыныстар енгізу. | | индустрия және сауда министрлігі |
| 3. | Қазақстан облыстарының бірінде сервистік қызмет көрсету және тракторларды, қосалқы бөлшектерді, агрегаттарды және "Белшина" ӨБ-нің қатысу мүмкіндігімен ауылшаруашылығы техникалары үшін шиналар сату жөніндегі Минск трактор зауытының өкілдігін ашу мүмкіндігі туралы Қазақстан Республикасы. ның Үкіметіне ұсыныс енгізу. | 2000 жылдың үшінші тоқсаны | Қазақстан Республикасы. ның Ауылшаруашылығы министрлігі |
| 4. | Қазақстан Республикасының Үкіметіне: | | |
| | қазақстан астығымен төлеу шартымен Қазақстан Респуб. ликасына тракторлар мен трактор жинақтаушыларын өзара тиімді тұрақты түрде жеткізуді ұйымдастыруда; | 2000 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Ауылшаруашылығы министрлігі, "Азық-түлік корпорация" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| | мұнайгаз саласында, оның ішінде "Достық-1" мұнай құбырының өткізу мүмкіндігін кеңейту жөнінде ("Белнефтехимнің" Мәскеу қаласындағы өкілдігімен бірлесіп); | 2000 жылдың үшінші тоқсаны | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика, индус. трия және сауда министрлігі, "Қазақойл" ҰМК АҚ (келісім бойынша), "Қазтрансойл" ҰМТК АҚ (келісім бойынша) |
| | қазақстанның түсті және қара металдарын, екібастұз және қарағанды көмірін өткізу | 2000 жылдың үшінші | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика, индус. трия және сауда министр. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | рыногын қалпына келтіруде; | тоқсаны | лігі, "Қазхром" ТҰК АҚ<br>(келісім бойынша) |
| | елдер арасында, оның ішінде<br>темір жол көлігімен тұрақты<br>жолаушылар қатынасын жолға<br>қоюда; | -//- | Қазақстан Республикасы.<br>ның Көлік және коммуни.<br>кациялар министрлігі,<br>"Қазақстан темір жолы"<br>РМК (келісім бойынша) |
| | Әскери-техникалық салада ынты.<br>мақтастықты дамыту жөнінде<br>ұсыныстар енгізу | 2000<br>жылдың<br>ішінде | Қазақстан Республикасы.<br>ның Қорғаныс министрлігі |
| 5. | 1992-1993 жылдардағы<br>корреспонденттік шоттарға<br>өткенге дейін және одан<br>кейін) Қазақстан Республика.<br>сы мен Беларусь Республикасы.<br>ның өзара қарыздық міндетте.<br>мелері мен сауда-экономика.<br>лық қатынастардың нәтижелері<br>жөніндегі талаптарды реттеу<br>туралы (алғашқы нұсқасы)<br>қазақстан-беларусь құжат.<br>тарының жобасын дайындау<br>және оларды Қазақстан<br>Республикасының Үкіметіне<br>енгізу | 2000<br>жылдың<br>үшінші<br>тоқсаны | Қазақстан Республикасы.<br>ның Ұлттық Банкі<br>(келісім бойынша) |
| 6. | Қазақстан-беларусь сауда-<br>экономикалық ынтымақтастық<br>жөніндегі комиссиясының<br>екінші мәжілісін өткізу<br>мерзімдерін келісу | 2000<br>жылдың<br>төртінші<br>тоқсаны | Қазақстан Республикасы.<br>ның Сыртқы істер<br>министрлігі |
| 7. | Қазақстан Республикасының<br>Беларусь Республикасындағы<br>Елшілігі жалға алған жер<br>учаскесі мен ғимаратты | 2000<br>жылдың<br>төртінші<br>тоқсаны | Қазақстан Республикасы.<br>ның Сыртқы істер министр.<br>лігі, Астана қаласының<br>әкімі |

Қазақстан Республикасының
иелігіне алу мәселесін
беларусь тарапымен тепе-теңдік
шарты бойынша шешу

---

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК